

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 тамыздағы N 727 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 қараша N 1191

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақалтын" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 тамыздағы N 727 P980727_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін :

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) конкурстық басқарушыға конкурстық массаны өндірісте

тауарлық-материалдық құндылықтар, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер және негізгі қорлар бөлігінде пайдалану құқығын беру";

7)-тармақша "сатып алушының" деген сөздердің алдынан "конкурстық массаның құрамына кірмейтін мүлікті пайдаланған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) конкурстық басқарушы конкурстық массаның құрамына кіретін мүлікті тауарлық-материалдық құндылықтар, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер және негізгі қорлар бөлігінде пайдаланғанда, олардың құны сатып алу құнына енгізіледі".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі